



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ



ZHETYSU UNIVERSITY

1972



«ЖАҢАРУ» Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық
«Жаңа» Республикалық
қозғалыс бірлестігі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

«И. ЖАНСУГUROV АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
НАО «ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ И. ЖАНСУГУРОВА»
«ZHETYSU UNIVERSITY NAMED AFTER ILYAS ZHANSUGUROV»

«ЖАҢАРУ» СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ
ҚОЗҒАЛЫС» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫ

ФИЛИАЛ РЕСПУБЛИКАНСКОГО ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ
ПО ЖЕТЫСУСКОЙ ОБЛАСТИ «ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ ДВИЖЕНИЕ ПРОТИВ КОРРУПЦИИ «ЖАҢАРУ»

REPUBLICAN PUBLIC ASSOCIATION FOR THE ZHETYSU REGION OF
«NATIONWIDE MOVEMENT AGAINST CORRUPTION «ZHANARU»

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҰЙЫМДЫҚ
МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ: СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР,
ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

МАТЕРИАЛДАРЫ

II бөлім

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции
«ПОВЫШЕНИЕ ОРГАНИЗАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
СЛУЖАЩИХ КАК ОСНОВА АНТИКОРРУПЦИОННОЙ СТРАТЕГИИ
КАЗАХСТАНА: ВЫЗОВЫ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ»

II часть

MATERIALS

of the international scientific and practical conference
« IMPROVING THE ORGANIZATIONAL CULTURE OF
CIVIL SERVANTS AS A FOUNDATION OF KAZAKHSTAN'S
ANTI-CORRUPTION STRATEGY:
CHALLENGES, ISSUES, AND PERSPECTIVES»

II Part

Талдықорған, 2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**«І. ЖАНСУГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
НАО «ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ И. ЖАНСУГУРОВА»
«ZHETYSU UNIVERSITY NAMED AFTER ILYAS ZHANSUGUROV»**

**«ЖАҢАРУ» СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫ
ФИЛИАЛ РЕСПУБЛИКАНСКОГО ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ
ПО ЖЕТЫСУСКОЙ ОБЛАСТИ
«ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ ДВИЖЕНИЕ ПРОТИВ КОРРУПЦИИ «ЖАҢАРУ»
REPUBLICAN PUBLIC ASSOCIATION FOR THE ZHETYSU REGION OF
«NATIONWIDE MOVEMENT AGAINST CORRUPTION «ZHANARU»**

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҰЙЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ:
СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР, ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР»
*атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы***

МАТЕРИАЛДАРЫ

II бөлім

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции
**«ПОВЫШЕНИЕ ОРГАНИЗАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
СЛУЖАЩИХ КАК ОСНОВА АНТИКОРРУПЦИОННОЙ СТРАТЕГИИ
КАЗАХСТАНА: ВЫЗОВЫ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ»
II часть**

MATERIALS

of the international scientific and practical conference
**«IMPROVING THE ORGANIZATIONAL CULTURE OF CIVIL SERVANTS AS A
FOUNDATION OF KAZAKHSTAN'S ANTI-CORRUPTION STRATEGY:
CHALLENGES, ISSUES AND PERSPECTIVES»
II Part**

Талдықорған, 2025

УДК 351/354
ББК 67.401
Қ18

Редакция алқасы: Е.А. Бурибаев (бас редактор), А.С. Бахтаулова (бас редактордың орынбасары), Л.Н. Карашолакова, М.Е. Абдрахим, Г.Б. Телеуев

Редакционная коллегия: Е.А. Бурибаев (главный редактор), А.С. Бахтаулова (заместитель главного редактора), Л.Н. Карашолакова, М.Е. Абдрахим, Г.Б. Телеуев

Editorial colleague: Ye.A. Buribayev (editor-in-chief), A.S. Bakhtaulova (deputy of editor-in-chief), L.N. Karasholakova, M.Ye. Abdrakhim, G.B. Teleuyev

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҰЙЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ: СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР, ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. **II бөлім** – Талдықорған, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2025. 314 б.

Қ18 *Материалы международной научно-практической конференции «ПОВЫШЕНИЕ ОРГАНИЗАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ КАК ОСНОВА АНТИКОРРУПЦИОННОЙ СТРАТЕГИИ КАЗАХСТАНА: ВЫЗОВЫ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ», II часть* – Талдықорған, Жетысуский университет им. И. Жансугурова, 2025. 314 с.

Materials of the international scientific and practical conference «IMPROVING THE ORGANIZATIONAL CULTURE OF CIVIL SERVANTS AS A FOUNDATION OF KAZAKHSTAN'S ANTI-CORRUPTION STRATEGY: CHALLENGES, ISSUES AND PERSPECTIVES », II Part – Taldykorgan, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, 2025. 314 p.

ISBN 978-601-216-994-2

Жинақ материалдары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы аясында жүзеге асырылып жатқан ЖТН BR27195163 «Қазақстанның мемлекеттік қызметінің ұйымдастырушылық мәдениетін трансформациялау архитектурасы» ғылыми жобасы аясында өткізілген ғылыми-практикалық конференция нәтижелерін қамтиды.

Конференция «Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізі ретінде мемлекеттік қызметшілердің ұйымдық мәдениетін арттыру: сын-тегеуріндер, мәселелер мен перспективалар» тақырыбында ұйымдастырылды.

Жинаққа енген материалдар мемлекеттік қызмет жүйесіндегі өзекті мәселелерді, ұйымдық мәдениетті жетілдіру бағыттарын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді тәсілдерін талдайды. Конференция материалдары зерттеуші ғалымдарға, жас ізденушілерге және мемлекеттік басқару саласына қызығушылық білдіретін кең аудиторияға арналған.

УДК 351/354
ББК 67.401

ISBN 978-601-216-994-2

© І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2025
© Өндірістік цех, 2025

332.2:354(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Телеуев Г.Б.

Философия докторы (PhD), І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
galim200385@mail.ru

Жер қатынастарын реттеу Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік саясатының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Мемлекеттік қызметтің бұл саласы жер ресурстарын тиімді пайдалану, қорғау және сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстандағы жер қатынастарын мемлекеттік реттеудің басты мақсаты – жерді ұтымды пайдалану және жер құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету. Мемлекет жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыра отырып, жер ресурстарын басқарудың ашықтығы мен әділеттілігін қамтамасыз етуге ұмтылады. Осы мақсатта жер ресурстарын мемлекеттік басқару, мониторинг жүргізу және жер заңнамасының сақталуын қадағалау сияқты қызметтер атқарылады. Жер ресурстарын реттеу процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында электронды үкіметтің құралдары кеңінен қолданылады. Жер кадастры мен жерге орналастыру шаралары мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттырудың маңызды факторлары болып табылады.

Кілт сөздер: мемлекеттік қызмет, жер қатынастары, реттеу, Қазақстан Республикасы, жер ресурстары, жер заңнамасы, мониторинг, сыбайлас жемқорлық, кадастр, электронды үкімет, тиімділік.

Регулирование земельных отношений является важнейшим направлением экономической и социальной политики Республики Казахстан. Государственная служба в этой сфере направлена на обеспечение эффективного использования, защиты и сохранения земельных ресурсов. Основная цель государственного регулирования земельных отношений в Казахстане – рациональное использование земли и защита земельных прав граждан. Государство, регулируя земельные отношения, стремится обеспечить прозрачность и справедливость управления земельными ресурсами. Для этого осуществляется государственное управление земельными ресурсами, мониторинг и контроль за соблюдением земельного законодательства. Для снижения коррупционных рисков в управлении земельными ресурсами широко используются инструменты электронного правительства. Важными факторами повышения эффективности государственной службы являются земельный кадастр и землеустройство.

Ключевые слова: государственная служба, земельные отношения, регулирование, Республика Казахстан, земельные ресурсы, земельное законодательство, мониторинг, коррупция, кадастр, электронное правительство, эффективность.

Regulation of land relations is one of the crucial areas of economic and social policy in the Republic of Kazakhstan. Public service in this sector aims to ensure effective use, protection, and conservation of land resources. The primary goal of state regulation of land relations in Kazakhstan is the rational utilization of land and the protection of land rights of citizens. By regulating land relations, the state aims to ensure transparency and fairness in managing land resources. For this purpose, activities such as state management of land resources, monitoring, and supervision over compliance with land legislation are conducted. E-government tools are extensively used to reduce corruption risks in managing land resources. Land cadastre and land management measures are significant factors in enhancing the efficiency of public service.

Key words: public service, land relations, regulation, Republic of Kazakhstan, land resources, land legislation, monitoring, corruption, cadastre, e-government, efficiency.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік қызметінің сипаты мемлекеттің жер ресурстарын басқару тиімділігін, әділдігін және ашықтығын қамтамасыз етудегі негізгі рөлін айқындайды. Қазақстан жерінің кеңдігі мен табиғи ресурстарының молдығы жер қатынастарын басқарудың маңыздылығын арттырады. Осыған байланысты мемлекет тарапынан жер ресурстарын пайдалануды реттеудің кешенді жүйесі құрылды, ол өз кезегінде жер қатынастарын реттеу, жер құқықтарын қорғау және жер ресурстарын тұрақты дамыту мақсаттарын көздейді. Қазақстан Республикасындағы жер қатынастарының дамуы тарихи тұрғыдан күрделі және көп қырлы процесс болып табылады. Егемендік алғаннан кейінгі кезеңде елімізде жер қатынастары саласында маңызды реформалар жүргізілді. Бұл реформалар нарықтық қатынастарға көшумен, жерді жекеменшікке беру және оны экономикалық айналымға енгізумен байланысты болды. Мемлекет жер ресурстарының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында жер заңнамасын үнемі жетілдіріп отырады. Қазақстан Республикасының жер заңнамасы Конституциядан, Жер кодексінен және басқа да нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Осы заңдар мен актілер арқылы жер қатынастары саласында құқықтық негіз қаланған. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет жер ресурстарын тиімді басқару және бақылау механизмдерін қалыптастырады. Мемлекеттік органдар жер ресурстарының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін мониторинг жүргізеді және жер қатынастары бойынша құқықтық нормалардың сақталуын бақылайды[1]. Бұл қызметтердің қатарына жер кадастрын жүргізу, жерге орналастыру жұмыстарын ұйымдастыру, жер ресурстарының жағдайын бағалау кіреді. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтің маңызды бағыттарының бірі – жерді пайдалану мен қорғау саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау болып табылады. Жер ресурстарын басқаруда мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттырудың маңызды құралы ретінде электронды үкіметті айтуға болады. Электронды үкіметтің құралдарын пайдалану арқылы мемлекеттік органдардың ашықтығы, жерге байланысты мәселелердің шешімін табуда азаматтардың қатысу деңгейі артады. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтып, жер қатынастарындағы процестердің айқындылығын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру және олардың қызметін нормативтік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету де маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Жер қатынастары саласында мемлекеттік қызмет көрсететін мамандардың кәсіби деңгейін көтеру, оларды қайта даярлау және біліктілігін жетілдіру бойынша тұрақты шаралар жүзеге асырылады[2]. Осы шаралардың нәтижесінде мемлекеттік қызметкерлер жер ресурстарын басқарудағы заманауи талаптарға сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы жер қатынастары саласында халықаралық тәжірибені зерттеп, тиімді әдістерді қолдануға тырысады. Әсіресе, жер ресурстарын басқару, жер құқығын қорғау және жер қатынастары саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша озық халықаралық тәжірибелердің ел жағдайына бейімделуі маңызды болып отыр. Халықаралық стандарттарды енгізу арқылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсартуға, жер ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік туады. Қазіргі уақытта Қазақстанда жер ресурстарын реттеудің маңызды мәселелері қатарына жер қатынастары саласындағы құқықтық базаны одан әрі жетілдіру, жерді пайдалануды бақылауды күшейту, жер учаскелерін бөлудің ашықтығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету кіреді. Осы міндеттерді шешуде мемлекеттік органдардың рөлі зор. Мемлекеттік басқарудың осы саладағы қызметі, бірінші кезекте, жер ресурстарын тиімді және тұрақты пайдалану принциптеріне негізделуі тиіс[3].

Қазақстан Республикасының жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік қызметі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады. Мемлекет жер ресурстарын басқаруда тиімділік пен ашықтықты қамтамасыз

ету мақсатында үздіксіз шаралар қабылдап отырады. Бұл өз кезегінде елдің жер ресурстарын тұрақты пайдалануға және қоғамның жерге деген сенімін арттыруға септігін тигізеді[4].

Адамзат дамуының барлық кезеңдерінде қоғамның әл-ауқаты оның орны толмас табиғи ресурс – жерді пайдалана білуіне байланысты болған және әлі де байланысты. Өндірістің басқа факторларынан айырмашылығы, жер кеңістікте шектеулі және орнын ауыстыруға келмейді. Жер – қоғамның баға жетпес әрі орны толмас байлығы. Ол адамдар өмірінің және қызметінің негізгі табиғи ресурсы, материалдық шарты болып табылады, сондай-ақ халық шаруашылығының барлық салаларын орналастыру мен дамытудың негізі, ауыл шаруашылығындағы өндірістің басты құралы әрі азық-түліктің негізгі көзі болып есептеледі. Сондықтан жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру – халықтың өмір сүруі мен әл-ауқатының артуының ең маңызды шарты [5].

Қоғам алдында күрделі міндет тұр: бір жағынан, жерді пайдалану үдерісінде топырақ деградациясын тоқтатып, оны қалпына келтіру және жақсартуды қамтамасыз ету болса, екінші жағынан, жерге иелік ету және жерді пайдалануды ұтымды ұйымдастыру арқылы өндіріс тиімділігін арттыруға қол жеткізу қажет. Бұл міндет жер қатынастарын реттеу барысында ғана шешіледі. Жер қатынастарын реттеудің басты мақсаты – жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру, қолайлы экологиялық орта қалыптастыру, табиғи ландшафттарды жақсарту және жер заңнамасын жүзеге асыру [2].

Бүгінде Қазақстан Республикасындағы жалпы жер қоры 272,5 млн гектарды құрайды, оның ішінде босалқы жерлер санатына 102,4 млн гектар кіреді. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер көлемі 98 млн 580 мың гектарды құрайды, бұл аумақтың тек 1,2–1,5 %-ы ғана жеке меншікке сатылған. Орман қоры жерлері – 22,8 млн гектар, елді мекендер жерлері – 23,8 млн гектар, су қоры жерлері – 4,1 млн гектар, ерекше қорғалатын аумақтар – 6,5 млн гектар, өнеркәсіп, байланыс, қорғаныс және басқа мақсаттарға арналған жерлер – 2,8 млн гектар. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің аумағы тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңмен салыстырғанда 55,9%-ға азайды. Сол уақытта ауыл шаруашылығына бөлінген жер көлемі 218 млн гектар болатын. Жер аумағының өзгеру статистикасы 1-кестеде келтірілген.

Жер қорын мемлекеттік басқару мемлекеттік басқару жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі және жерді ұтымды пайдалану мен қорғау тиімділігін қамтамасыз етудің қажетті ұйымдастырушылық шарты болып табылады [3].

Құқықтық шаралар міндеттілік элементтерін, мемлекеттік мәжбүрлеу және мемлекеттің жер қатынастарына заңнамалық (нормативтік-құқықтық), әкімшілік және соттық функцияларды жүзеге асыру арқылы араласуын қамтиды. Жер иеленушілердің келісімімен жерге орналастыру мүмкін болмаған жағдайда ол құқықтық реттеу объектісіне айналады. Мысалы, ірі жолдар, су қоймаларын салу және қалаларды кеңейту үшін жерлерді мемлекеттік және қоғамдық қажеттіліктерге алу жер иелерінің мүдделеріне қайшы келуі мүмкін, себебі бұл үдеріс олардың көшуіне, жерлерді пайдаланудағы қолайсыздықтарға немесе меншік жерлерінің қысқаруына алып келеді [4]. Жер қорын мемлекеттік басқарудың негізгі функцияларына: жер мониторингін жүргізу; жерге орналастыру; мемлекеттік жер кадастрын жүргізу; жер қорының функционалды-мақсатты құрылымын анықтау; жерді пайдалану мен қорғауды жоспарлау; жер нормаларына билік ету (жерлерді бөлу және қайта бөлу, жерді беру және алып қою); жерді пайдалану мен қорғауды бақылау; жер заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету (жер дауларын шешу, заң бұзушылықтар үшін жауапкершілік) жатады. Жерлерді азаматтық айналымға тартумен байланысты жаңа функция – жер нарығын және жер құқықтарын қалыптастыру мен қорғау пайда болды. Жер қорын басқаруды дұрыс ұйымдастыруда жер есебі, жер мониторингі және мемлекеттік жер кадастрын жүргізу бірінші кезектегі маңызға ие. Осы функцияларды орындау барысында алынған ақпарат жерлерді аймақтарға бөлу, жоспарлау, жерді пайдалану мен қорғау; жерлерді бөлу; жер дауларын шешу, құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік және келтірілген зиянды өтеу кезінде базалық

ақпарат ретінде қызмет етеді. Жерді пайдалану мен қорғауды жоспарлау Қазақстан Республикасының Жер кодексінде, ҚР «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңында, сондай-ақ табиғи ресурстар жөніндегі кодекстерде көрсетілген [1, 5].

Экономикалық шаралар жер қатынастарын жер иелері мен жер пайдаланушылардың экономикалық мүдделерін ескере отырып реттейді. Бұларға жер салығын саралау, жеңілдетілген кредиттер беру жатады. Осындай шараларды әзірлеу мен іске асыру үшін жер учаскелерінің мөлшері, сапалық сипаттамалары, жерді пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар туралы ақпарат қажет.

Жерді ұтымды әрі тиімді пайдалануға, инвестиция тартуға, бюджетке қосымша каражат түсімін ынталандыруға, жер телімдерін беру процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге және инвесторлардың құқықтарын сенімді қорғауға барынша қолайлы жағдай жасау мақсатында, біздің ойымызша, жер телімдерін меншікке немесе жер пайдалану құқығына беру бойынша аукциондар мен конкурстар ұйымдастырылуы тиіс. Мұндай іс-шараларды өткізу 1996 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1511 «Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін немесе тұрақты жер пайдалану құқығын сатып алу-сату тәртібін бекіту туралы» қаулысымен заң жүзінде реттеледі[2]. Экологиялық апат ең алдымен қараусыз қалған жерлерді күтіп тұрады. Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстан Республикасы Жер кодексінің жобасы дайындалып, ол қабылданғанға дейін күрделі жолдан өтті. 2003 жылғы 20 маусымда Парламентте қабылданған осы кодекспен тәуелсіз Қазақстанның жер реформасының жаңа кезеңі басталды[4]. Баршаға арналған заманауи мемлекет құруға бағытталған бес институционалдық реформада индустрияландыру және экономикалық өсу шаралары қарастырылған. Ал «100 нақты қадам» бағдарламасы жер қатынастары саласында елеулі өзгерістер жүргізуге мүмкіндік беретін нақты бағыттарды қамтиды. Біріншіден, жерді жеке меншікке берудің жаңа механизмдерін енгізіп, ауылшаруашылық жерлерін жаппай жекешелендіру көзделген. Екіншіден, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту тәртібі мен оған рұқсат алу шарттарын жеңілдету ұсынылады. Осы шаралардың нәтижесінде жер иелері нарықтық жағдайдың өзгеруіне жедел жауап беріп, жаңа қызмет түрлерімен айналысуға мүмкіндік алады. «100 нақты қадам» стратегиялық құжатында 35-қадам ретінде ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану мақсатында нарықтық айналымға енгізу, Жер кодексіне және басқа заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу белгіленген. Қазақстанда жер реформасын іске асыру үшін жаңа заңнамалық және басқа да қажетті нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу мақсатында арнайы жұмыс тобы құрылды. Ауыл шаруашылығы жерлерінің нарығы – бұл сатушылар мен сатып алушылар, өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы экономикалық қатынастар мен байланыстардың, ауыл шаруашылығы жерлеріне деген сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттесуіне негізделген жүйе[6].

Жерге жеке меншік институтын енгізу жерді тиімді пайдалануға әрі ел экономикасының өсуіне ықпал етеді. Себебі жер нарығы қалыптасқанда, жеке меншіктің артықшылықтары айқын көрінеді: меншік құқығының тұрақтылығы, жерді бір тұлғадан екінші тұлғаға еркін беру мүмкіндігі, жер бағасының оның нақты құнына сәйкестігі және тағы басқа. Қазақстанда ауыл шаруашылығы тарихи тұрғыдан елдің бәсекелестік артықшылығы болып табылады. Дегенмен жер қатынастарын реттеудің ескірген әрі тиімсіз әдістері жердің өндіріс факторы ретіндегі әлеуетін шектейді. Соңғы жүргізілген жер түгендеуі республикада 9 млн гектар жердің пайдаланылмай бос жатқанын көрсетті. Қазіргі кезде ірі жер пайдаланушылар жалға алған ресурстарын ұтымсыз пайдаланады. Бұған қоса, бұл көбінесе бақылаусыз жүреді. Жерді жалға алғандар оны тиісті деңгейде күтіп-баптай ма, құнарлылығын сақтап отыр ма, әлде керісінше, жерді барынша қанауда ма – мұны ешкім нақты айта алмайды. Мұндай көзқарас теріс салдарға әкеліп, Қазақстанның барлық құнарлы жерлерінің тозуына әкеп соғуы мүмкін[7]. Дәл осы себепті Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы жерлерін жаппай жекешелендіру басталады. Бұл процедура өткен

ғасырдың 90-жылдарындағы мемлекеттік меншікті жекешелендіруден түбегейлі өзгеше болады. Себебі ол кезде жерге меншік құқығын беру ресми түрде тегін жүзеге асырылған еді. Дамыған елдердің нарықтық экономикасы жер қатынастары мәселесі шешілмеген жағдайда алға жылжи алмас еді. Қазақстан Республикасының Президентінің айтуынша, қазақстандық жекешелендіру моделі барынша ашық болуы тиіс.

Қорытынды

Жер қатынастарын мемлекеттік реттеудің негізгі механизмдері құқықтық, экономикалық, әкімшілік және ақпараттық әдістерді үйлестіру арқылы жүзеге асырылады. Осы механизмдердің тиімділігі жер ресурстарын басқарудың барлық деңгейлерінде сапалы әрі кешенді тәсілді талап етеді. Мемлекеттік қызметтің құқықтық механизмдері жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін заңнамалық реттеуді, жер құқықтарының бұзылуының алдын алуды және жер дауларын әділ шешуді қамтамасыз етеді. Жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтің экономикалық механизмдері жер ресурстарын тиімді пайдалануды ынталандыруды, жердің нарықтық айналымын реттеуді және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалануды көздейді. Бұл тұрғыда жер салығының сараланған жүйесі, жерді жалға беру шарттары мен бағасы, жерді жекешелендіру процестері маңызды рөл атқарады. Жердің экономикалық айналымға енгізілуі жер ресурстарын тиімді пайдаланудың басты шарты болып табылады және ел экономикасының дамуына оң әсерін тигізеді. Әкімшілік механизмдер жер қатынастары саласындағы мемлекеттік басқару органдарының қызметін үйлестіруді, жер ресурстарын басқарудағы ашықтық пен есеп берушілікті қамтамасыз етуді, сондай-ақ жерге орналастыру, кадастр және мониторинг жұмыстарын ұйымдастыруды көздейді. Бұл тұрғыда электрондық үкімет құралдарын кеңінен пайдалану жер қатынастары саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында жер қатынастары саласында ақпараттық қамтамасыз ету де маңызды рөлге ие. Мемлекеттік жер кадастры, жер ресурстарының мониторингі, жерлердің сапасы мен жай-күйі туралы деректердің ашықтығы жер пайдаланушыларға, инвесторларға және жалпы халыққа қажетті ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде жер ресурстарын басқару процесінің ашықтығын арттырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетеді. Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңінде жер қатынастары саласында жүргізілген реформалар жер ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталды. Жер кодексінің қабылдануы жер ресурстарын басқару саласындағы құқықтық қатынастарды айқын реттеуге мүмкіндік берді. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының іске асырылуы, соның ішінде ауыл шаруашылығы жерлерін нарықтық айналымға енгізу, жердің нысаналы мақсатын өзгерту рәсімдерін жеңілдету жер ресурстарын ұтымды пайдалануға қосымша серпін берді. Алайда қазіргі таңда жер ресурстарын басқару саласында шешуді қажет ететін бірқатар маңызды мәселелер бар.

Мәселен, жер ресурстарының айтарлықтай бөлігі тиімсіз пайдаланылуда немесе мүлдем пайдаланылмай бос жатыр. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлылығы төмендеп, экологиялық деградацияға ұшырау қаупі артып отыр. Осыған байланысты мемлекет тарапынан жер ресурстарын бақылауды күшейту, жерлерді ұтымды пайдалануды ынталандыру және жауапкершілікті арттыру қажет. Жер ресурстарын ұтымды пайдалану мақсатында мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын мониторинг пен бақылау шаралары маңызды рөл атқарады. Жер ресурстарының жай-күйін бақылаудың заманауи технологияларын пайдалану, соның ішінде ғарыштық мониторингті енгізу жерлердің тиімді пайдаланылуын бақылауды күшейтеді. Бұл өз кезегінде жер пайдаланушылардың жауапкершілігін арттырып, жер ресурстарын тиімді әрі тұрақты пайдалануды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасында жер қатынастарын реттеуде мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында кәсіби біліктілікті жетілдіру, мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру және оларды тұрақты түрде қайта

даярлаудан өткізу маңызды болып табылады. Бұл шаралар мемлекеттік қызмет сапасын арттырумен қатар, жер қатынастары саласындағы құқықтық нормалардың дұрыс және әділ қолданылуын қамтамасыз етеді. Жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау саласында халықаралық тәжірибені зерделеу және енгізу маңызды.

Әсіресе дамыған елдердің жер ресурстарын басқару, жер нарығын қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықпен күресу тәжірибелерін қолдану Қазақстан үшін пайдалы болмақ.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасындағы жер қатынастарын мемлекеттік реттеу елдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды фактор болып табылады. Мемлекет тарапынан жер ресурстарын ұтымды пайдалануға бағытталған шаралардың кешенді әрі жүйелі жүргізілуі жер қатынастары саласында туындайтын мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде Қазақстанның жер ресурстарын сақтап, болашақ ұрпаққа аманат етуге жол ашады.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (Grant No. BR24993047)

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Оспанов Б.С. Земельная реформа Республики Казахстан: Методология, методы, практика / Б.С. Оспанов. М., 2002. 222 с.
2. О Программе обеспечения прав на землю в Республике Казахстан на 2000–2003 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 16.02.2000 г. № 253.
3. Ахмет Г. "Қазақстан Республикасының жер заңнамасын дамыту және қалыптастыру" // Вестник Евразийской юридической академии имени Д.А. Кунаева. – 2023. – №2.
4. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2003 года № 442-ІІ. [Электронный ресурс] – Доступ из справочно-правовой системы "Әділет"
5. Турсбеков С.В., Куракпаев О.Т., Уалиева М.А., Мажитов М.К. "Государственное регулирование земельных отношений Республики Казахстан" // Вестник Кыргызско-Российского Славянского университета. – 2011. – Т. 11, №8
6. Бахберген А. "Государственное регулирование земельных отношений в Республике Казахстан" // Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан. – 2021.
7. Правовое регулирование земельных отношений в Республике Казахстан // Юридическая фирма "Azizov & Partners". – 2022

Телеуев Г.Б. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	251
Толеубекова Б.Х., Хведелидзе Т.Б. КОРРУПЦИОННЫЕ РИСКИ В ИГОРНОМ БИЗНЕСЕ: УГОЛОВНО- ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ, ПРОГНОЗИРОВАНИЕ	257
Уалихан А.Д. ПРОКУРОРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІН ҚАЗАХСТАН МЕН РЕСЕЙ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЗАҢДАРЫ МЕН ТАЛДАМАЛЫ ӘДІСПЕН ЗЕРТТЕУ	265
Усенбаева А.У. ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	270
Укибаева К.Е. ЖЕР УЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН АЛЫП ҚОЮДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ	274
Усенбаева А.У. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕГІ САЛЫҚТЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕР	280
Francisco J.F.M., Zhumasheva A.A. INTEGRATION OF AMBIENT ASSISTED LIVING TECHNOLOGIES AND ADMINISTRATIVE REFORM IN THE CONTEXT OF KAZAKHSTAN	284
Фазылжанова А.Ж. БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫН ТАҒАЙЫНДАУ МЕН ҚОЛДАНУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ	288
Шалгимбаев С. М. АНТИКОРРУПЦИОННАЯ ПОЛИТИКА ГОСУДАРСТВА: РОЛЬ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА В ФОРМИРОВАНИИ ЭФФЕКТИВНОЙ СИСТЕМЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ	292
Шомшекова Б., Алибеков Б.Б. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ДАМУ МӘНІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ	296
Шомшекова Б., Айдосова А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	300
Яцек З., Исабекова В.С. ИНСТИТУТ УПОЛНОМОЧЕННОГО ПО ПРАВАМ ЧЕЛОВЕКА В СИСТЕМЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	304